

ҚР ПБ МО «СЭСО» РМК  
директорының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 147-ө бұйрығының  
№4 қосымшасы

**Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі**

**1. Жалпы ереже**

1. 1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар етуі тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Кәсіпорынның жарғысына және Кәсіпорынның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Осы тәртіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың алдын алу және оған жол бермеу мақсатында әзірленді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады және қызметкерлердің жұмыс берушіні Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасауға итермелеу жағдайлары туралы хабардар ету тәсілін айқындайды.

3. Осы тәртіп қызметкерлердің кәсіптік қызметті жүзеге асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісін анықтаған кездегі іс-қимыл тәртібін белгілейді.

**2. Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібі**

4. Дайындалып жатқан, жасалынатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы ақпаратты білетін Кәсіпорын қызметкерлері бұл туралы Кәсіпорын басшылығына немесе өзінің тікелей басшысына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар береді.

5. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында қандай да бір адамдардың оларға өтінім білдірген

барлық жағдайлар туралы Кәсіпорын басшылығына немесе өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті.

6. Қызметкер іссапарда, демалыста, жұмыс орнынан тыс жерде болған жағдайда, ол сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында қандай да бір адамдар оларға жүгінген барлық жағдайлар туралы Кәсіпорын басшылығын немесе өзінің тікелей басшысын ауызша немесе жазбаша хабардар етуге және жұмыс орнына келген сәттен бастап бұл туралы жазбаша қызметтік жазбамен егжей-тегжейлі баяндауға міндетті.

7. Кәсіпорын қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық Кәсіпорын басшылығын немесе өзінің тікелей басшысын хабардар ету кез келген тәсілмен жазбаша түрде жүзеге асырылады, оның ішінде:

сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру үшін оны жауапты тұлғаға беру арқылы;

пошта арқылы хабарлау немесе арнайы «сенім жәшігі» жәшігін пайдалану арқылы;

Кәсіпорын директорының атына Кәсіпорынның заңды мекенжайына жазбаша хат түсіру;

Кәсіпорынның ресми электрондық мекенжайына электронды түрде не Е-өтініш немесе Documentolog арқылы жүгіну арқылы хат түсіру;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың ықтимал фактілері туралы хабарламаны анонимді сауалнама нәтижелерін талдау негізінде комплаенс-офицер жазбаша ресімдейтін анонимді сауалнама жүргізу кезінде келіп түсетін мәліметтер арқылы.

8. Барлық хабарламалар Кәсіпорындағы құжат айналымы қағидаларында белгіленген тәртіппен тіркелуі міндетті.

### **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтар туралы мәліметтерді қарау тәртібі**

9. Кәсіпорын қызметкерлерінен белгілі болған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе болуы мүмкін бұзушылықтар туралы мәліметтерді қарау тәртібі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде, «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде және Кәсіпорынның ішкі рәсімдерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Кәсіпорын басшылығы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты тұлға алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

---